

А.Б. Маханбетованың 6D080200 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығы бойынша философия (PhD) докторы дәрежесін алу үшін дайындалған «Етті бағыттағы тұқымдық бұқалардың көбею қабілеттілігіне генетикалық факторлардың әсері» тақырыбындағы диссертациясына

ПІКІР

Бұғынгі таңдағы асыл тұқымдық жұмыстарының негізгі талаптарының бірі - тұқымдық бұқалар ұрығының сапасы жоғары болуы. Ұрықтың сапасына көптеген факторлар, жағдайлар әсер етеді. Соның ішінде негізгі факторлардың бірі - бұқалардың тұқымдық сипаты. Осы түргыда ізденуші А.Б.Маханбетованың диссертациялық тақырыбы Қазақстанның солтүстік аймақтарында өсірілетін генотипі әртүрлі етті бағыттағы тұқымдарға жататын асыл тұқымды аталық бұқалардың шәует өндіру және ұрықтандыру қабілеттігі мен ұрпақтарына генотипі, тұқымы, шыққан елінің әсерін салыстырмалы түрде зерттеуге арналған.

Диссертация тақырыбы бойынша зерттеулер Ақмола облысы "Асыл-Тұлік" АҚ-ның базасында КР АШМ 267 «Асыл тұқымды мал өсірудегі селекция әдістерінің тиімділігін арттыру» 101 мақсатты қаржыландыру жобасы аясында «Асыл тұқымды табындарда көбею мәселелерін зерттеу және төл алу шығымын арттырудың заманауи әдістерін қолдану» тақырып тармақшасы бағдарламасының ғылыми-техникалық зерттеулери бойынша және 217 «Ғылымды дамыту», 102 «Ғылыми зерттеудерді гранттық қаржыландыру» бағдарламасы бойынша Жас ғалымдарды грантық қаржыландыру «Жас ғалым 2022-2024 жж.» «Етті бағыттағы тұқымдық бұқалардың көбею қабілеттілігіне генетикалық факторлардың әсері» (мемлекеттік тіркеу номері номер ИРН: AP14972970) жобасы аясында орындалды.

Ізденуші бекітілген әдістемелік нұсқауларға сәйкес "Асыл-Тұлік" АҚ жүргізілген ғылыми-шаруашылық зерттеулерінде генотипі әртүрлі өндіруші бұқалардың өнімділік және дене бітімі ерекшеліктері; шәует өнімділігінің сандық және сапалық көрсеткіштері мен ұрықтандыру қабілетінің тұқымы мен шыққан еліне әсері; қанның биохимиялық көрсеткіштері; жасы және жыл маусымының шәуіт өнімділігіне әсері; белгілер арасындағы фенотиптік және генетикалық байланыс әсері; өндіруші бұқалардың ұрпақтарына тұқым куалаушылық қасиетінің басымдылығы мен салыстырмалы тірі салмағының индексі; өсу гормоны гендерінің ұрпақтарына әсері анықтады.

Зерттеулер нәтижесінде шәует өнімділігіне тұқымдық ерекшеліктердің болуы анықталды: жыл бойына орташа алғанда ең көп зякулят көлемі мен бракқа шыққан ұрық саны бойынша aberdin-ангус тұқымының бұқаларында байқалса 3,97 мл, бұл герефорд бұқаларына қарағанда 0,08мл (2%-ға және қазақтың ақбас тұқымына қарағанда - 0,61 мл (16%)-ға артық болса, шәуіттің жоғары концентрациясы қазақтың ақбас және герефорд тұқымының бұқаларында байқалды және бірдей концентрация мөлшерін құрады - 0,78 млрд/ мл, бұл өз кезегінде aberdin-ангусқа қарағанда – 0,09 млрд/мл (11%)

-га басымдылығын көрсеткен. Ал ұрықтандыру қабілеті бойынша қазақтың ақбас тұқымында бұқалары – 47 - 60% аралығында болса; aberdin – ангус бұқаларында – 30 – 59%; герефорд тұқымында – 45 – 60% аралығында болды. Абердин – ангус бұқаларындағы ұрықтандыру қабілетінің төмен көрсеткіші оның тұқымдық ерекшеліктері мен бейімделу қасиеттеріне негізделген.

Жалпы атальқ бұқаларды ұрықтандыру қабілеті ретінде пайдалану тиімділігі 24,90% генетикалық факторларға байланыстылығы анықталады: генотиптің 13,20%, оның тұқымының 10,2% және шығу тегінің 1,5%. Осыған орай, зерттеу нәтижелері өндіруші бұқалардың шәуіт өнімділігі көрсеткіштеріне генетикалық факторлардың 38% әсер ететінін көрсетті. Оның ішінде генотипі бойынша 22,0%, тұқымы 14,0% және 1,5% шықкан еліне байланысты екенін көруге болады.

Ізденуші А.Маханбетова диссертация тақырыбы бойынша отандық және шетел ғалымдарымен жүргізілген зерттеу әдістерін толық менгерді. Зерттеу тәжірибелерін мәліметтерін өндеп, ғылыми тұрғыдан интерпретациялап, қорытындылап, докторлық диссертация жұмысын рәсімдеді.

"Асыл-Тұлік" АҚ "Асыл-Тұлік" АҚ Диссертациялық зерттеу жұмысының құрылымы, ішкі логикасы, өзіндік жүйесі, сабактастықпен өзара бірлестігі толық сақталған. Ол ғылыми-теориялық тұрғыдан бекітілуімен, деректі және статистикалық мәліметтерге сүйене отырып, оны ғылыми жалпы зоотехникалық, генетикалық, физиологиялық және биохимиялық әдістер аясында, зерттеу тәжірибелерінің нәтижелерін талдап қорытумен сипаттап келтірғен. Сондықтан жұмыстың қорытындылары зерттеу мәліметтерінен туындалап, олардың маңызын сақтап, көрсетеді.

Диссертациялық жұмыс аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады. Ол қойылған мақсаттар мен міндеттерге негізделген алынған зерттеу нәтижелерінің ішкі бірлігімен сипатталады. Диссертация деректері мен қорытындыларын жеткілікті көлемде отандық және шет елдік ғылыми басылымдарда жариялап, республикалық және халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндап, аprobацияланды.

Ізденуші А.Маханбетова аталған диссертацияны орындау барысында диссиденттіліктең ғылыми жағынан теориялық білімдерін практикалық мәселелерді шешу үшін қолдана отырып, қазіргі ғылыми жұмыстарды сын тұрғысынан талдау, жинақтау және өз бетімен бағалай алатынын көрсетті.

Жоғарыда келтірілген жағдайларды ұстана отырып, ізденуші А.Маханбетованың «Етті бағыттағы тұқымдық бұқалардың көбею қабілеттілігіне генетикалық факторлардың әсері» тақырыбындағы диссертация 6D080200 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығы бойынша философия (PhD) докторы дәрежесін алу үшін диссертация талабына сай жазылған, ал оның авторы философия (PhD) докторы дәрежесіне лайық деп санап, қорғауға ұсынамын.

Ғылыми кеңесші:
а.ш.ғ.к., доцент

"С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық
зерттеу университеті" коммерциялық өмес
акционерлік қоғамы

Н.Ж.Қажғалиев

25.09.2023 ж. қолын растаймын:

Гарипов Адиль Фариханович